

**Оңтүстік Қазақстан облысы жер пайдаланушыларының ұзақ мерзімді жер пайдалануындағы Жезқазған облысының запастағы жерін "Сарысу" шаруа қожалықтары және шағын кәсіпорындар ассоциациясының жер пайдалануына беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 желтоқсан N 1568

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717\_ Жарлығының 10-бабына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1995 ж., N 24, 159-бап) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Жезқазған облысы әкімінің және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы жер пайдаланушыларының ұзақ мерзімді жер пайдалануындағы Жезді ауданының запастағы жерін осы ауданның "Сарысу" шаруа қожалықтары мен шағын кәсіпорындар ассоциациясының тұрақты жер

пайдалануына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалпы көлемі 41327 гектар, оның ішінде көл табандап суарылатын 2514 гектар пішендіктерді, 38670 гектар жайылымды, 143 гектар өзге де жер алаптарын беру жөнінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі